7 ақпан
2026 жыл
№5 (5956)

# НҰРА ТАҢЫ

Аудандық қоғамдық – саяси газеті

Газет 1932 жылдан бастап шығады

*Конституциялық реформа*

## Ата заң жобасы пысықталып, нақтылана түсті



2026 КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Конституциялық реформа – мемлекеттің саяси жаңғыру жолындағы маңызды кезеңнің бірі. Ол билік жүйесінің тепе-теңдігін сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейтуге, сондай-ақ қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған. Кеше өткен Конституциялық комиссияның кезекті отырысында сарапшылар осы және өзге де өзекті өзгерістердің жай-жапсарын талқыға салды.

жалғасы 4-бетте

*БӘРЕКЕЛДІ!*

## Білім мен біліктің биігінде



**Білім беру саласында тағы бір қуанышты жаңалық тіркелді. Математика, физика және информатика пәндерінің мұғалімдері мен тренерлеріне арналған VIII Халықаралық IMPACT OLYMPIAD атты шығармашылық конкурсының республикалық кезеңінде Жасұлан Азаматұлы жоғары кәсіби шеберлігін танытып, жүлделі III орынға ие болды. Бұл жетістік – тек бір ұстаздың ғана емес, тұтас ұжымның және өңір білімінің абыройына қосқан маңызды олжа.**

Аталған беделді байқау білім саласындағы жаңашыл ойлайтын, кәсіби тұрғыдан үздік педагогтарды анықтауға бағытталған. Жарыс барысында қатысушылардың пәндік білімімен қатар, заманауи оқыту әдістерін меңгеруі, шығармашылық ізденісі мен кәсіби біліктілігі сараланды. Осындай жоғары талапқа толық жауап берген Жасұлан Азаматұлының үздіктер қатарынан көрінуі – оның ұстаздық жолдағы тынымсыз еңбегінің нақты нәтижесі.

жалғасы 5-бетте

*Новости района*

## Оперативное реагирование и защита жизни: открылся пожарный пост

**В селе Ахмет Нуринского района Карагандинской области состоялось торжественное открытие современного модульного пожарного поста. Новый объект, построенный в рамках ведомственной программы «Ауыл құтқарушылары», значительно повысит уровень безопасности местных жителей и обеспечит оперативное реагирование на чрезвычайные ситуации.**

Церемония открытия прошла с участием министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан, генерал-лейтенанта Чингиса Аринова, акима Нуринского района Бахытжана Муканова, представителей районных и экстренных служб, а также местных жителей.



продолжение на стр. 3

*Нұра – Ақпарат*

## Жаңа Конституция — ел дамуының берік негізі

2026 КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

**Нұра ауданында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын талқылауға арналған кеңейтілген отырыс өтті. Маңызды жиынға аудан әкімі Бақытжан Муканов төрағалық етіп, онда елде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалардың мәні мен маңызы, сондай-ақ жаңа Конституция жобасының қоғам өміріне тигізер ықпалы жан-жақты қаралды.**



Жиын барысында қатысушылар конституциялық реформалардың басты мақсаты — мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейту, билік пен қоғам арасындағы өзара сенімді арттыру екенін атап өтті. Бұл өзгерістер елдің ұзақ мерзімді дамуына, құқықтық мемлекеттің берік негізін қалыптастыруға бағытталғаны айтылды.

Кездесу аясында аудандық мәслихат төрағасы Жүнісбеков Куаныш Өмірзақұлы жаңа Конституция жобасының өңірлік даму мен жергілікті басқару жүйесіне беретін мүмкіндіктеріне тоқталды.

жалғасы 4-бетте

## Құттықтаймыз!



**Туған күніңізбен, апатай!**

Әрдайым жанашыр болып, қуанышымызға да, қиындығымызға да ортақтасып, қасымыздан табылатын аяулы апатайымыз **Баян Өшімқызын** бүгінгі 75 жасқа толған мерейлі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өміріңіз әрқашан гүлге толы, көңіліңіз көтеріңкі, жүзіңіз нұрлы болсын. Барша жанға жақсылық тілеп жүретін ақ жүрегіңіз, кең пейіліңіз бен мейіріміңіз айналаңызға жылу сыйлап, өзіңізді одан әрі асқақтата берсін. Сізді бағалайтын, құрметтейтін жандардың ортасында қартаймай, туыстар мен жақындарға үлгі, шаңырақтың сәні, өмір бақшасының жайқалған гүлі болып жүре беріңіз.

Отбасыңыз аман, денсаулығыңыз мықты болып, немерелеріңіздің қызығына кенеліп шөбере сүйіңіз. Ортамызда ақылшымыз болып, ақ батаңызбен барлық қуанышымыздың төрінен табылыңыз!

Келер жасыңыз жүзге жетіп, қуаныш пен шаттыққа толы болсын!

**Ізгі тілекпен: бауырларыңыз, күйеу балаларыңыз, келіндеріңіз**

## Құттықтаймыз!



Қадірлі де ардақты Баян Өшімқызын 75 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінде қара шаңырақтың иесі болып, үлкенді - кішілі бауырларын, бала-шаға, туыс-жекжаттың басын қосып, ұйытқы болып отырған, құлын-тайдай тебісіп он жыл бірге оқыған құрбымызға 1967 жылғы мектеп түлектері атынан зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ та мағыналы ғұмыр тілейміз.

Өмір жолында талай сан қилы сынақтар мен қилы кезеңдер өтті. Соның бәрінде мойымай, сабыр мен парасатты серік еттің. Сол қажыр-қайратыңның, төзімің мен мейіріміңнің арқасында бүгінде төрде отырар құдағи, жиендері сағынып «Әжека» деп келіп еміренетін, ақ жаулықты ардақты Ана-Әже дәрежесіне жеттің.

Әрдайым абыройың асқақ, тұғырың биік болсын!
Отбасыңда береке, шаңырағыңда шаттық орнасын!
Ұрпағыңның қызығына кенеліп, аман-есен ұзақ ғұмыр сүре бер!

**Құрметпен: 1957–1967 жылдар аралығындағы мектеп түлектері**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сарыөзен көмір» ЖШС Қарағанды облысы Нұра ауданында орналасқан Сарыузень кен орнында тас көмір өндіру кезінде тау-кен жұмыстары салдарынан бұзылған жерлерді рекультивациялау жобалары бойынша, аудандары 944,5758 га және 213,2057 га болатын учаскелерге қатысты экологиялық бөлімдермен: ҚОӘБ, ӨЭБ, ҚҚБЖ, ӨББ, Іс-шаралар жоспары қамтылған жобалар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақтың әкімшілік-аумақтық бірлігі, оның географиялық координаттары және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумақ: Қарағанды облысы, Ткенекті кенті (49.096632 с.е., 69.384004 ш.б.).

944,5758 га учаскенің орталығының координаттары:
48°50'57.02" с.е. 69°23'2.72" ш.б.
213,2057 га учаскенің орталығының координаттары:
48°50'7.94" с.е. 69°22'59.57" ш.б.

Тыңдаулар өтеді:

– 12.03.2026 ж. сағат 15:00-де Қарағанды облысы Нұра ауданында орналасқан Сарыузень кен орнында тас көмір өндіру кезінде тау-кен жұмыстары салдарынан бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы бойынша, ауданы 944,5758 га учаскеге қатысты, экологиялық бөлімдері: ҚОӘБ, ӨЭБ, ҚҚБЖ, ӨББ, Іс-шаралар жоспары, мекенжайы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Сарыөзен ауылдық округі, Ткенекті ауылы, Бейбітшілік көшесі, 1 (ауылдық Мәдениет үйі).

– 12.03.2026 ж. сағат 16:00-де Қарағанды облысы Нұра ауданында орналасқан Сарыузень кен орнында тас көмір өндіру кезінде тау-кен жұмыстары салдарынан бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы бойынша, ауданы 213,2057 га учаскеге қатысты, экологиялық бөлімдері: ҚОӘБ, ӨЭБ, ҚҚБЖ, ӨББ, Іс-шаралар жоспары (ПМ), мекенжайы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Сарыөзен ауылдық округі, Ткенекті ауылы, Бейбітшілік көшесі, 1 (ауылдық Мәдениет үйі).

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибридті форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекен-жайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516; кіру коды: 777

Бастамашысы - "Сарыөзен Көмір" ЖШС, БСН:170440006998, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Пр. Бұқар Жырау, 57/1 құрылыс, 616 кеңсе, sariozencomir@mail.ru, тел.: 8(7212)506156.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, 01.08.2013ж. №01583Р МЛ, Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен берілген, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., ш / а. Васильковский 4Г, 2 қабат, тел.: 8 7162 51 41 41, e-mail: alait2030@gmail.com

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен https://ndbecology.gov.kz/және «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8 7162 51 41 41 бойынша сұратуға болады.

Жобалық материалдар бойынша өз ескертулерін, ұсыныстарын "Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" сайтына жіберуге болады https://ndbecology.gov.kz/ және "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, эл. мекен-жайы: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел.8(7212)56-81-66.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Сарыозен комир» проводит общественные слушанияв форме открытого собрания по Проектам рекультивации земель, нарушенных горными работами при проведении добычи каменного угля на месторождении Сарыузень, участков площадью 944,5758 га,213,2057 га, расположенных в Нуринском районе Карагандинской области с экологическими разделами: РООС, ПНЭ, ПУО, ПЭК, ПМ.

Административно-территориальная единица, ее географические координаты, на территорию которой может быть оказано воздействие и на территории которой будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, п. Ткенекты(49.096632 С.Ш., 69.384004 В.Д.).

Координаты центра участка944,5758 га:
48°50'57.02"С.Ш. 69°23'2.72"В.Д.
Координаты центра участка 213,2057 га:
48°50'7.94" С.Ш. 69°22'59.57" В.Д.

Слушания состоятся:

- 12.03.2026 г. в 15.00 ч. по Проекту рекультивации земель, нарушенных горными работами при проведении добычи каменного угля на месторождении Сарыузень, участка площадью 944,5758 га, расположенного в Нуринском районе Карагандинской области с экологическими разделами: РООС, ПНЭ, ПУО, ПЭК, ПМпо адресу:Карагандинская область, Нуринский район, Сарыозенский с.о., с.Ткенекты, улица Бейбитшилик,1 (сельский Дом культуры).

- 12.03.2026 г. в 16.00 ч. по Проекту рекультивации земель, нарушенных горными работами при проведении добычи каменного угля на месторождении Сарыузень, участка площадью 213,2057 га, расположенного в Нуринском районе Карагандинской области с экологическими разделами: РООС, ПНЭ, ПУО, ПЭК, ПМпо адресу:Карагандинская область, Нуринский район, Сарыозенский с.о., с.Ткенекты, улица Бейбитшилик,1 (сельский Дом культуры).

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Слушания будут проведены в гибридном формате, для принятия участия необходимо прийти по адресу или скачать приложение ZOOM Meeting Cloud. Идентификация конференции: 413 945 6516; код доступа: 777

Инициатор – ТОО «Сарыозен комир», БИН: 170440006998, РК, Карагандинская область, г. Караганда, Пр-т. Бухар Жырау, строение 57/1, офис 616, sariozencomir@mail.ru, тел.: 8(7212)506156.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», Лицензия № 01583Р от 01.08.2013 г., выдан Комитетом экологического регулирования и контроля. Министерство охраны окружающей среды РК), БИН: 100540015046, г. Кокшетау, ул. Мкр. Васильковский 4Г, 2 этаж, тел.: 8 (7162) 51 41 41, e-mail: alait2030@gmail.com

Ознакомиться с документами, выносимыми на общественные слушания можно на https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail:alait2030@gmail.comи по тел: 8 (7162) 51 41 41.

Направить свои замечания, предложения по проектным материалам можно на сайт «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» https://ndbecology.gov.kz/ и в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», г. Караганда, ул. Лободы, 20, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8(7212)56-81-66.


**Ремонт телевизоров, мониторов, ноутбуков и т.д.**
**Продаются б/у и новые телевизоры, оборудование "Отау ТВ".**
**Куплю на запчасти ж/к сломанные телевизоры.**
**Ремонт бытовой техники и авто компьютерная диагностика!**
**Тел: 8-777-074-31-33, 8-708-545-27-32, 8-771-284-10-50, дом.: 47296**


**После смерти Смаилова Койгары, 20.04.1952 г.р. (дата смерти – 02.06.2024г.), открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Д. Димбаеву (номер лицензии №0001103 от 23.07.2002 г.) по адресу: п. Нура, ул. Мынбаева, 56.**


Меншік иесі: **"Нұра" аудандық газетінің редакциясы ЖШС**

Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық даму министрлігінен Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 10 қарашасында қайта есепке қойылып № KZ83VPY00081567 куәлігі берілген

Бас редактор: **Тазагүл ПІШЕНБАЕВА**
Индекс: 100900
Мекенжайымыз: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 8а үй.
Электронды адрес: **nuratany@mail.ru**
Телефондары:
Бас редактор: 8 777 88 99 945
Тілшілер: 21-9-53

Газет ЖШС "Типография Арко" баспаханасында басылған.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15
Телефондары: 41-17-83, 41-17-80
Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табақ.
Газет аптасына 1 рет шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді

**Газет аптасына 1 рет шығады**

**Индексі 61421**
**Тиражы 2310**
**Тапсырыс 5**